

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
рәміздерінің 30 жылдығына арналған
**«МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ЖӘНЕ ҰЛТ
АРХИТЕКТУРАСЫ»**

атты халықаралық ғылыми конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
30 наурыз 2022 ж.

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции
**«ГОСУДАРСТВЕННЫЕ СИМВОЛЫ И НАЦИОНАЛЬНАЯ
АРХИТЕКТУРА»**

посвященной 30-летию Государственных символов
Республики Казахстан.
30 марта 2022 г.

MATERIALS

of the international scientific conference
«STATE SYMBOLS AND NATIONAL ARCHITECTURE»
dedicated to the 30th anniversary of the State symbols
of the Republic of Kazakhstan.
30 March, 2022

НҰР-СҰЛТАН
NUR-SULTAN

УДК 001
ББК 72
Қ.18

Қ.18 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына арналған «МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ЖӘНЕ ҰЛТ АРХИТЕКТУРАСЫ» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары/Материалы международной научной конференции «ГОСУДАРСТВЕННЫЕ СИМВОЛЫ И НАЦИОНАЛЬНАЯ АРХИТЕКТУРА» посвященной 30-летию Государственных символов Республики Казахстан/ Materials of the international scientific conference «STATE SYMBOLS AND NATIONAL ARCHITECTURE» dedicated to the 30th anniversary of the State symbols of the Republic of Kazakhstan – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2022.– 306 б. - қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде.

ISBN 978-601-337-649-3

Жинаққа ғалымдардың, докторанттардың, магистранттардың, студенттердің жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелеріне, сондай-ақ этноархитектура саласындағы ғылыми зерттеу нәтижелері және сәулет пен құрылыстағы жалпы проблемаларға арналған баяндамалары енген.

The proceedings are the papers of researchers, doctoral students, undergraduates and students on topical issues of natural and technical sciences and humanities also the results of scientific research in the field of ethnoarchitecture and general problems in architecture and construction.

В сборник вошли доклады ученых, докторантов, магистрантов и студентов по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук, а также результаты научных исследований в области этноархитектуры и общих проблем архитектуры и строительства.

**УДК 001
ББК 72**

ISBN 978-601-337-649-3

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2022**

Киіз үй-қазақтың дәстүрлі көшпелі тұрғын үйі. Таңба ретінде сәулет нысанының ұлттық мәдениетке жататынын атап көрсету маңызды архитектуралық нысандарда жиі пайдаланылады. Президенттік мәдени орталық құрылыстың жоғарғы бөлігінің негізінде күмбезбен көмкерілген киіз үй болады. Шаңырақ – киіз үйдің торлы қабырғасының бір бөлігі, оның ішінде торы бар шеңбер болып табылады, символы ретінде Астананың сәулет ортасында әртүрлі түрлерде жиі қолданылады: жоспар деңгейіндегі сурет, құрылысты жабу нысаны, қасбетті безендіру. Таңбаның геометриялық құрылымы мен логикасы ежелгі түркі тұрмыстық мәдениетімен белгілі бір қауымдастықтарды оңай тануға және қалыптастыруға ықпал етеді.

Дәстүрлі қазақ ою-өрнегі сәулет өнерінің қасбеттерін, интерьерлерді әшекейлеу үшін, абаттандыру элементтерінде, қаланың мерекелік жинағында жиі қолданылады.

Мешіт "Әзірет Сұлтан" Астананың әдемі архитектура ғимараттарының бірі болып табылады және Қазақстан халқының рухани байлығын бейнелейді. Орталық Азиядағы ең ірі мешіт мұсылман мерекелері кезінде 10 мыңға дейін адамды сыйдыра алады. Мешіт жобасы классикалық ислам стилінде, дәстүрлі қазақ ою-өрнектері мен сәндік элементтерді қолдана отырып орындалған.

Шын мәнінде ұлы сұлулық ежелгі архитектурадан алынған. Бейбітшілік және келісім сарайының, Тәуелсіздік сарайының, "Қазақ Елі" монументінің жанында "Хазрет Сұлтан" жаңа мешітінің орналасуы елорданың Бірыңғай қала құрылысы ансамблін қалыптастырады. Сәулетшілердің пайымдауы бойынша Нұр-Сұлтан қаласының жаңа келбеті климатқа, мәдениетімізге және жергілікті адамдардың өмір салтын ескере отырып жобаланды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шимко, В.Т. Архитектурно-дизайнерское проектирование. Основы теории. /В.Т. Шимко.- М.: СПУ-принт, 2003.- 180 с.:ил.
2. Семенова Т.С. Архитектура и бионика / Т.С. Семенова - М.: Стройиздат, 2007. - 221 с.,ил.
3. Мастера советской архитектуры об архитектуре. В 2 т./под общ. ред.М.Г. Бархина и др.- М.: Искусство, 1999.- 694 с.:ил.
4. Иванов С.В.. Тысячелетнее развитие архитектуры: пер. с чеш./под ред.
5. Кармин А.С. . Стайлинг, «хай-тек» и семантика предметной формы // Техническая эстетика. -- 1999. № 7. -- С. 34--37.
6. Бархин, Б.Г. Методика архитектурного проектирования. учебно-метод. пособие для архитекторов./Б.Г. Бархин.- Изд. 2-е.- М.: Стройиздат, 2002.- 230 с.:ил.

ӘОЖ 712.63

ҰЛТТЫҚ ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕР ТАРИХЫНА ЖӘНЕ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫНА ТАЛДАУ

Бегімбай К. М.

begimbai@hotmail.com

п.ғ.к., Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ-нің «Дизайн және ИГ» кафедрасының профессоры, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Нұрданбек Б.

bekbolat.hurdanbek78@mail.ru

Астана Халықаралық университетінің магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Қазіргі кезеңде рухани жаңғырумыздың басты қазығы – ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, бүкіл әлемге паш ету арқылы Тәуелсіз елімізді таныту мәдениет салаларының мамандары алдында тұрған басты мақсат болып саналады. Ұлттық мәдениетіміздің бетке ұстары – дәстүрлі қолөнерімізде қазақтың зергерлік өнерінің бүгінгі кезеңде алатын орыны

жоғары екенін баршамызға мәлім жайт. Дегенмен, осы зергерлік өнердің технологиялық тұрғыдан қыры-сырын, тарихи даму барысын ғылыми-теориялық зерттеу бағытында атқарылатын жұмыстар әлі де жалғастыруды қажет етеді [1].

Қазақ зергерлік өнерін тілге тиек ете бастасақ, сонау өткен ғасырлардағы тарихи деректермен келген көптеген құнды тарихи жәдігерлер көз алдымызға келетіні анық. Сол жәдігерлердің бірі және бірегейі «алтын адам» деп айтсақ артық айтпаған болар едік. «Алтын адам» жәдігеріндегі зергерлік керемет техникалармен жасалған алтын бұйымдар, қазіргі таңдағы озық технологияларды қолданып жасалып жүрген кейбір күрделі бұйымдарды сол кездегі ата-бабаларымыздың ескі техникаларды қолданып жасай алғанының өзі таңдай қағарлық жаңалық. Өкінішке орай ол кездегі сол техникалардың жазбаша қалған нақты нұсқалары жоқ немесе мардымсыз болуы бізге тарихтан келе жатқан зергерлік өнердің құпия сырларын ашуға мүмкіндіктер бермей отыр. Егер сол сырға толы құпия техникалары жазылған қандай да бір мәлімет болса бұл біздің ұлттық құндылығымызды тағы бір биік белеске көтеріп тастар еді [2].

Осы тілге тиек етіп отырған «алтын адам» туралы аздап мәліметтер бере кетер болсам, көшпелі тайпалардың заттық және рухани мәдениет тарихы жайлы сыр шертетін Есік обасынан табылған жәдігердің әлемдік ғылыми ортада маңызы өте зор. «Алтын киімді жауынгер» Кемель Ақышев бастаған археологтар тобының қазба жұмыстары нәтижесінде Алматы қаласынан 50 шақырым жердегі Есік обасынан 1969-1970 жылдары табылған. Оның 4000 нан астам әшекейлері соғу, қалыптау, нақыштау, дәнекерлеу, алтын жалатпа, тегістеу тәрізді металл өңдеу техникасымен аң стилінде жасалған. Есік обасы ж.с.д. IV-III ғғ. мерзімделеді. Бүгінгі таңда «Есік сақ көсемі» бүкіл әлемге танымал және ел егемендігінің нышаны болып табылады.

Дәл осындай қолдағы бар болған құнды деректер біздің Қазақ халқының тарихтан келе жатқан ерекше техникаларды қолданып зергерлік өнер саласында биік белестерді бағындырғанын аңғару қиын емес. Ал оны арықарай тереңдей зерттеп, тарихтан бізге келген барлық ашылмаған, байқалмаған ерекше деректерге мән беріп оның құпиясын ашу біз ұрпақтардың ата-баба алдындағы бұлтартпас борышы деп білемін. Сол себепті де тарихты зерттеу, оның ішінде Қазақ халқының зергерлік өнер тарихын зерттеу кезек күттірмейтін маңызды міндет екені айтпасада түсінікті.

Ендігі кезекте дәстүрлі ұлттық нақыштың негізінде заманауи технологияларды қолдана отырып, осы кезеңдегі талғамға сай зергерлік бұйым жасау жолдарына тоқталып өтейік. Қазақ халқының әйелдерге арналған дәстүрлі зергерлік бұйымдары топтамасының құрамына 1-суретте көрсетілгендей – бойтұмар, сырға, білезік пен жүзік кіреді. Осы аталған бұйымдар ежелден бері қалыптасқан дәстүрлі жасау технологияларына негізделіп, басым көпшілік жағдайда күмістен жасалатын болса, кейбір жағдайда алтын да қолданады.



Сурет 1. Қазақ халқының әйелдерге арналған зергерлік бұйымдарының дәстүрлі топтамасы

Әдетте таза, асыл металдардан зергерлік бұйымдар жасалмайды. Оларға қажетті механикалық қасиеттер дарытып, тиісті түс алу үшін түсті металдар қосады, мәселен алтынның күміс және мыспен қорытпасын, кемде палладиймен, кадмиймен, никельмен, мырышпен қорытпасын; күміс пен платинаның мыспен қорытпасын, палладийдің күміспен және никельмен қорытпасын үстемелейді. Қорытпадағы асыл металдың құрамы оның сынамасын айқындайды. Көптеген елдерде сынаманы белгілеудің метрлік жүйесі қабылданған (КСРО-да ол 1927 жылдан бері енгізілген), ол бойынша сынама қорытпаның мың салмақтық бірлігіндегі асыл металдың бөлшек санымен белгіленеді. 1927 жылға дейін Ресейде сынаманы белгілеудің мысқалдық жүйе деп аталатын (96 мысқалдай тұратын орыс фунты негізінде) жүйесі болды. Мұнда сынама қорытпаның 96 бірлігіндегі асыл металдың салмақ өлшемімен белгіленетін.

АҚШ-та, Ұлыбритания мен Швейцарияда караттық жүйе қабылданған. Бұл бойынша асыл тастың 1000-сынамасы 24 шартты бірлікке сәйкес келеді.

КСРО-да қалыптасқан метрлік өлшем, олардың мысқалдық және караттық жүйеге аударылуы осы күнге дейін қолданылады. Зергерлік және басқа бұйымдар дайындауға рұқсат етілетін асыл металдар қорытпасының сынамасы заңды түрде белгіленіп, мемлекет кепілдігінде болады. Бұл үшін бұйымдар сынамалық бақылаудан өтіп, оларға сынама таңбасы қойылады. Бұйымдарта таңба салу үшін түрлі елдерде суреті мен пішіні әр түрлі бақылау белгілері қолданылады; КСРО-да ол эмблемадан (бесжұлдыз аясындағы орақ пен балға) және метрлік жүйенің үш белгілі санынан тұрады [3].

Алтынның 583-сынамалы қорытпасы неғұрлым кең тараған және бұл сынаманың қорытпасының түсі құрамына енген түсті металдардың сандық қарым-қатынасына қарай әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы, егер 583-сынаманың қорытпасында алтын 58,3%, күміс шамамен 36%, ал мыс 5,7% болса, қорытпаның түсі жасыл реңк алады; күміс 18,3%, мыс 23,4% болса күлгін-қызғылт; күміс 8,3%, мыс 33,4% болса қызылдау болады.

Гауһар тасты әсемдік бұйымдарды дайындау үшін ақ алтын деп аталатын қорытпа кеңінен пайдаланылады, оның құрамы мынандай: 583 сынамалы алтын қорытпасында күміс

23,7-28,7%, палладий – 13,0-18,0% немесе никель – 17,0% мырыш – 8,7-16,0%; ал 750-сынамалы алтын қорытпасында күміс – 7,0-15,0%; палладий –14,0%-ке дейін, никель – 4,0%, мырыш – 2,4% немесе никель – 7,5-16,5%, мырыш – 2,0-5,0%, мыс – 15,0%-ке дейін болады. 958-сынамалы алтын қорытпасы берік болмайды. Сондықтан кең қолданылмайды.

375 сынамалы алтын қорытпасының құрамында алтын – 37,5%, күміс – 10,0%, мыс – 48,7%, палладий – 3,8% болады. Күмістің 875-сынамалы қорытпасы неғұрлым кең тараған. Оны әшекей заттарын және ыдыс-аяқ жабдықтау үшін пайдаланылады.

Күмістің 916-сынамалы қорытпасы эмаль жалатқан ыдыстарды дайындау үшін, ал 960 сынамалы қорытпасы нәзік өрнекті ыдыстар жасауға қолданылады. Платина мен палладийдің қорытпасы зергерлік істе болар-болмас мөлшерде пайдаланылады. Күміс және жез бұйымдардың тым тез тотығып кетпеуі үшін және олардың әсемдік қасиеттерін жақсарту мақсатында 2-суретте көрсетілгендей, бетіне электролиттік тәсілмен 999 сынамалы алтын немесе 999-сынамалы күміс жалатады.



Сурет 2. Күміс пен алтынды араластырып қолданылған зергерлік топтама

Әсем нақышталып жасалған зергерлік бұйымға қондырылған бағалы, сондай-ақ табиғи жарқырауық тастар әдемі өң беріп, бағасын арттырады. Бұл тастар шартты түрде бағалы, жартылай бағалы және әшекейлік деп бөлінеді. Бағалы тастарға – алмас, лағыл, изумруд, сапфир, табиғи інжу, александрит; жартылай бағалыға – ай тасы, аквамарин, аметист, берилл, гранат, көгілдір ақық, гиоцинт, тау хрусталі, жадеит, морион, опал, топаз, турмалин, хризоберилл, хризолит, хризопраз, шпинель, циркон, цитрин, хромдиоксид, қолдан өсірілген інжу; әшекейлік тастарға – авантюрин, агат, малахит, янтарь, маржан, лазурит, нефрит, родонит, сердолик, кровавик, яшма және басқа жарқырауық тастар жатады. Зергерлік істе бойында табиғи асыл тастардың барлық қасиеті бар синтетикалық лағыл, сапфир, александрит тастары кеңінен қолданылады. Тиісті температура мен қысымда гауһар, аметист, алтын

жалқынды топаз және басқа бағалы тастардан жасалатын иттрийлік – алюминийлік гранаттар да кең таралған.

Келесі кезекте зергерлік бұйымдардың өздерінің алғашқы жасалған кездегі қасиеттерін жоғалтпай ұзақ сақталуын қамтамасыз етудің басты жолы оларды қалай тұтыну және күту керектігін ескертеміз.

Зергерлік әшекей бұйымдарында адам денесі терлегеннен пайда болатын қоңыр дақ қалмауы үшін әшекейлерді шешіп алысымен фланельмен құрғатып сүрту керек. Түрлі шаруа істегенде және химикаттарды пайдаланарда жүзік, білезік және басқа зергерлік бұйымдарды шешіп қойған абзал. Әсіресе алтын жалатқан бұйымдарды сақтықпен тұтыну керек.

Әшекей заттарын сынап пен күкірт негізінде жасалған косметикалық бұйымдарды пайдаланғанда да (сынап алтынмен қосылса амальгома түзеді, бұдан бұйымдардың бетіне ақ дақ түседі, ал күкірт алтын мен күміске қосылса, қара түсті күкірттік қосылыстар түзеді) шешіп қойған жөн.

Алтын және күміс бұйымдарға тиген йод та қоңырқай дақтар қалдырады. Зергерлік бұйымдарды қорапшасында, құрғақ жерде сақтау керек. Әсіресе күннің ультракүлгін сәулелерінің әсерінен белгілі бір дәрежеде болуының түрін жоғалтатын аметисті, түсті топ азды (алтын жалқындыдан басқасын), інжу мен ақықты ұқыптал сақтау қажет.

Егер тас қондырылып асыл металдан жасалған немесе тас қондырылмаған әшекейлік бұйымдардың жылтыр өңі тайса, оны жұмсақ тіс щеткасымен 72 мл стакан суға 1 шай қасық мүсәтір спиртіні қосып сабынды суға жуу керек. Одан соң бұйымды таза жылы сумен шайып жіберіп, әбден құрғағанша фланельмен сүрту қажет. Алтын жалатқан бұйымдарды щеткамен неғұрлым сирегірек жуған жөн. Інжу, ақық, малахит пен янтарь ылғалға төзімсіз келеді.

Осындай тасты және фольгаға қондырылған жасанды тасты бұйымдарды, сондай-ақ тастары желімдел жапсырылған әшекей заттарын қатты ластанғанда этил спирті қосылған сабынды суға (1:1) көп ұстамай шайып алу керек. Янтарьды фланельмен ғана, ал қалған тастарды этил спиртімен сүртіл тазартуға болады.

Күмістен жасалған ірі бұйымдарды (мәселен ыдыс-аяқтар мен бөлменің ішкі әшекейлері) «Ювелирная» пастасымен тазартуға болады. Тым қатты ластанған бұйымдарды зергерлік шеберханаларда тазарттыру керек [4].

Жоғарыда баяндалғанды қорыта келе айтарымыз – ұлттық зергерлік өнердің тарихы әлі де терең зерттеуді қажет етеді және оның дәстүрлі жасау технологияларына сүйене отырып, заманауи зергерлік бұйымдарды жасауды дұрыс жолға қоюды әрі қарай жалғастыру маңызды. Сондықтан біз осы бағытта ғылыми ізденіс жұмыстарын тәжірибемен ұштастыруды жалғастырып, одан алынған нәтижелермен келесі ғылыми жарияланымдарда баяндаумен айналысуға мүдделіміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Бегімбай К.М. Этнодизайн. Монография, – Нұр-Сұлтан: R&D, 2020. – 178 б.
2. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: «Қазақстан» баспасы. –1969. 72 б.
2. Қазақтың ұлттық киім-кешектері. – Алматы: «Алматыкітап», 2007. – 86 б.
3. Тохтабаева Ш.Ж. Қазақтың зергерлік өнері. – Алматы: «Алматыкітап», 2011. – 72 б.

УДК 711

ПРОБЛЕМЫ ГРАДОСТРОИТЕЛЬНОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Нурахметов А. Д.

a.nurakhmetov94@gmail.com

Магистрант специальности «Архитектура», ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан